

«6D020500 – филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мурзинова Айгуль Сериковнаның «Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)» атты диссертациясына ресми рецензенттің пікірі

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі замандағы ғылыми-инновациялық үдеріс пен ақпараттық жарылыс, ғаламдану үрдісі адамзат өміріне жедел ырғақ енгізіп, жас ұрпақтың күнделікті өмірінде құндылықтық жаңа стандарттардың қалыптасуына ықпал етуде. Осыған орай қазіргі қазақ қоғамындағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер мен жаңғырулардың үдерісіндегі рухани құндылықтардың ұлттық-мәдени негіздерін жаңа қоғамдық қатынастар талабына бейімдеу, оны рухани өмірдің өзегіне айналдыру тек философиялық, дүниетанымдық, әлеуметтік-саяси мәселе ғана емес, сонымен қатар танымдық тіл білімінің (когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану т.б.) аясында да антропоөзектік бағыттың дамуына ықпал етеді және аса маңызды.

Оның басты себебі тіл – өз ұлтының бүкіл рухани-танымдық қазынасы бойында тұнып қалған бойтұмар іспетті таңбалық жүйе. Сондықтан тіл тұтынушы этностың (тіл иесінің) ғасырлар бойы қалыптасқан әрекеті мен күнделікті тәжірибесін тіл арқылы сақталған рухани-танымдық ақпаратқа сүйенген сабақтастықта зерттейтін антропоөзектік парадигманың қазақ тіл білімінде өріс алуы – заңдылық.

Антропоөзектік парадигманың басты ұстанымы – тіл тұтынушының танымдық (когнитивтік) және қарым-қатынас (коммуникативтік) қызметін біртұтастықта қарау. Осымен байланысты бұл бағыт қазіргі қазақ қоғамындағы тіл арқылы ұлттық сананың рухани өзегін жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдар талаптарына сәйкес келеді.

Тәуелсіздік кезеңінде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің негізгі коммуникативтік қызметі ұлтты, қоғамды ұйыстырушы, біріктіруші, тұтастырушы және жаңа ұрпаққа ұластырушы. Бұл қызметтердің тиімді жүзеге асырылуы қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік толыққанды қызметін жандандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес халықтың танымдық өрісін дамытып, рухани құндылықтарды жаңғыртып қабылдауға, зерделеуге, күнделікті әрекеттерінде ой-пайымдық білімін тереңдетуге тығыз байланысты. Олай болса, қазақ тілінің жан-жақты қоғамдық, әлеуметтік қызметін негіздейтін, айқындайтын, дәлелдейтін, дәйектейтін және жандандырып жаңғыртатын тілдік ақпаратты ұлттың заттық-мәдени және рухани-мәдени құндылықтарын бағалаған тұрақты тілдік таңбалар ретіндегі аксиологемалық стереотиптерді зерттеуге арналған А.С.Мурзинованың диссертация тақырыбын өзекті мәселе деп санаймыз.

«Тіл мен мәдениет» кеңістігінде ерекше мәнге ие «құндылық» ұғымы қалыптастыратын «ғаламның аксиологиялық бейнесінің» өзіндік белгілерінің толық анықталмауы, құндылықтардың тілдік репрезенттелуінің лингвомәдени интерпретацияланбауы, арнайы салыстырмалы талдамасының жасалмауы т.с.с. жайттар да зерттеу мазмұнының өзектілігін айқындай түседі.

Зерттеу нысаны ретінде қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени құндылықтарының әр ұлттың санасында этномаркерлену мен вербализациялану үдерісінің ортақтығы мен ерекшелігін көрсетіп, жаһандану дәуіріндегі ғаламдасу үдерісіне, мәдениаралық коммуникацияға үлес қосатын еліміздегі үш тұғырлы тіл саясатына сәйкес заманауи талапқа сай да диссертацияның өзектілігін көрсетеді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Бірінші ғылыми нәтиже. Шетелдік және отандық тілші-ғалымдардың еңбектерінің теориялық-әдіснамалық негіздеріне сай «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымын саралап түсіндіріп, қазіргі антропоөзектік парадигма аясында оның феноменін анықтайды. Осы бағыттағы зерделеу жұмысын диссертант «стереотип» ұғымын мағынаның мағынасы, яғни тілдегі денотаттық атаулардың белгілерін сипаттайтын стандартталған, типтендірілген, әр қоғам мүшесіне таныс таңбалық үлгі ретінде қарастырған американдық ғалым Х.У.Патнэмнің, неміс ғалымы У.М.Квастхоффтың тілдік стереотипті әлеуметтік қарым-қатынаста қолданылатын вербалды құрал деп санаған пікірлерін, Дж.Лакоффтың стереотипті әлеуметтік мазмұнды бейнелейтін прототиптің ерекше түріне жатқызған пікірін сараптап, сипаттау негізінде жүргізген.

Соның нәтижесінде зерттеуші А.С.Мурзинова стереотипті әрі танымдық, әрі тілдік құбылыс, яғни коммуникация барысында тілдік бірліктер арқылы меңгерілетін құрылымдық білімге негізделетін пікірдің түрі деп санайды. Сондықтан «ғаламның тілдік бейнесі» белгілі бір тілдік ұжымның күнделікті санасында тарихи түрде қалыптасқан және тілде бейнеленген ғалам туралы түсініктердің жиынтығы. Ал, «ғаламның ұлттық тілдік бейнесінде» кейбір түсініктердің ортақтығына қарамастан, оларға әр ұлт өзінше ерекше бір реңк үстеуі арқылы таптаурындалған, жинақталған, белгілі бір тәртіпке түскен жүйесі қалыптасады. Демек, диссертант «стереотип» ұғымын тіл тұтынушы санасында қоғамдық өмірдің, уақыт пен кеңістіктің құндылықтық мазмұнын ғаламның тілдік бейнесіне өз таңбасын салатын танымдық қорытынды деп санайды.

Екінші ғылыми нәтиже. Ұлттық-мәдени стереотиптің когнитивтік, лингвомәдени мәнін ашу. Осымен байланысты диссертанттың этносанада бекіген зат не құбылыс туралы түсінігі танымдық, мәдени, тілдік деректермен дәйектелгеннен кейін ғана тілдік стереотип ретінде қалыптасатыны туралы тұжырымын этнолингвист-ғалымдардың (Н.И.Толстой, С.М.Толстая, Т.А.Агапкина т.б.), лингвомәдениеттанушы ғалымдардың (В.Н.Телия, В.А.Маслова т.б.) еңбектеріне сүйеніп, тілдік және

тілден тыс стереотиптерді «мәдениет тіліне» тән құбылыс деген түйінге тоқтайды.

Когнитивист-ғалым В.В.Красныхтың стереотип «этнос санасында тұрақталған ұлттық-мәдени түсінік» деген анықтамасына сүйеніп, менталды және вербалды стереотип ұлттық түпнұсқалық бейнесімен ерекшелетіндіктен, ұлттық санада ықшамдалған, тұрақталған, өзгермейтін этномәдени түсінік ретінде сақталатынын түсіндіреді. Демек, стереотип Н.Уәли, Г.Шоқым атап көрсеткендей, бізді қоршаған дүние бейнесінің бір үзiгi».

Үшінші ғылыми нәтиже. Этностың заттық және рухани құндылықтар дүниесін таңбалайтын аксиологемалық стереотиптердің мәнін ашу.

Бұл арада ұлттық-мәдени стереотиптің санада қалыптасқан таңба түрінде ғана емес аксиологемалық феномен ретінде қарастырылып, «ұлттық-мәдени құндылық» пен «бағалау» ұғымына назар аударылып, ұлттық-мәдени құндылықты дүниенің аксиологиялық бейнесін түзуші «мәдени-танымдық-аксиологиялық-тілдік» категория деп қарайды. Соның нәтижесінде «ұлттық-мәдени құндылық» ұғымын былайша анықтайды: 1) зат, не құбылыс, оқиға не жағдаят қасиеттерінің ұлттық-мәдени сипаттамасы; 2) этнос мәдениетіндегі доминант мәндерді түсіндіретін құндылық бағдары; 3) этномәдени ұжымның тарихи тұрғыда қалыптасқан дәстүрлі мінез-құлық нормалары мен этикеттік үлгілері; 4) лингвомәдени бірліктер түрінде қолданылатын ұлттық-мәдени білім көзі. Ізденуші атап көрсеткендей, әр этностың ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесі құндылық бағдары мен дағдыны мінез-құлық нормалары бір арнаға біріктірілген, архетиптік бейнесі мен эталондық үлгісінен, символдық белгісінен құралатын лингвомәдени құндылық түрінде таңбаланған, идеалданған бірегей жүйе (29-30 бб.).

Сонымен бірге тілдік стереотиптердің аксиологемалық сипатын ашатын «бағалау» ұғымы өзектеліп, оның жалпы тіл білімінде анықталған жүйесіне сай қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ғаламның ұлттық-мәдени құндылық бейнесін айшықтайтын аксиологемалық стереотиптерге салғастырмалы талдау жасалған (зияткерлік бағалау, эстетикалық бағалау, этикалық бағалау, валеологиялық бағалау, психологиялық бағалау, утилитарлық бағалау т.б.).

Төртінші ғылыми нәтиже. Аксиологемалық стереотип түрлері топтастырылып, олардың жіктелімі жасалған.

Қазақ тіл білімінде ұлттық-мәдени стереотиптің аксиологиялық мазмұнының когнитивтік кеңістікте терең зерттелуі әлі өріс ала қоймағандықтан шетел тіл ғылымының осы бағыттағы зерттеулерінде анықталған аксиологемалық стереотиптердің топтастырылуы мен жіктелуін жан-жақты сипаттаған зерттеушінің жұмысын да ғылыми нәтиже қатарында санаймыз. Атап айтқанда, (Н.В.Уфимцева, В.А.Маслова т.б.), автостереотип және гетеростереотип, астырт және үстірт стереотиптер; тілдесім стереотипі, коммуникативтік стереотиптер, менталды стереотип (Т.М.Николаева), жағымды/жағымсыз стереотиптер, антропостереотип, оқиғалық стереотип,

заттық стереотип, әлеуметтік стереотип (гендерлік, жастық, кәсіптік, нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, аймақтық, саяси т.б.).

Бесінші ғылыми нәтиже. Аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаты анықталған.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аксиологемалық стереотип түрлерін контрастивтік әдіс негізінде талдап, оның бес құрылымдық қабаттан тұратынын анықтайды. Нақты түрде: 1) хрематонимдер (заттық мәдениет деректі атау) мен скриптонимдер (рухани мәдениет деректі атау). Олар жиі қайталану арқылы этнотілдік санасында фреймдер түрінде жатталған, сақталған, ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзінділері анықталған тұрақты тілдік таңбалар. 2) хрематонимді және скриптонимді топтан түзілетін ұлттық-мәдени кодтар. Бұл арада хрематонимдер мынандай аксиологемалық стереотиптерден тұрады: үй-баспана; тұрмыстық зат; вестонимдер; гасторнимдер; музыкалық аспаптар. Скриптонимді аксиологемалық стереотиптер салт-дәстүр, діни рәсім, мереке, ойын деген стереотиптер тобынан құралады. 3) Ұлттық-мәдени фрейм (таптаурынды жағдаяттың ой-суреті, перцептивті бейнесі, менталды көрінісі). 4) Семантикалық қабат (тілдік және мәдени). 5) Ассоциативтік бейне түзетін аксиологиялық мән (жағымды/жағымсыз этикалық, эстетикалық, зияткерлік, утилитарлық, психологиялық, валеологиялық, т.б.).

Алтыншы ғылыми нәтиже. Аксиологемалық стереотиптердің қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени құндылықтары негізіндегі коммуникативтік қызметіне салғастырмалы сипаттама жасалған. Соның нәтижесінде әр этностың санасында қатталған танымның ортақ және ерекшеліктері айқындалады. Мысалы, орыс тіліндегі – кокошник, қазақ тіліндегі – сәукеле сияқты стереотиптер ортақ түсінікпен сипатталады. Ал, қазақ тіліндегі «қазан» артефактісінде «құт», «береке», «ырыс», «ынтымақ» мәні коннотациялық сипатта таңбаланса, орыс тіліндегі «котел» сөзі – материалдық мәнді денотаттық атау.

Аксиологемалық стереотиптердің тасымалдаушы (коммуникативтік) қызметі мәдениаралық коммуникацияда да көрініс табады. Мысалы, диссертацияда түсіндірілген ағылшын тіліндегі «come on the carpet» («кілем үстіне шақыру») деген фреймі ағылшын дәстүрлі жүйесінде мәртебелі қонақ қабылдаудың және жазаға тартудың үлгісі ретінде интерпретацияланған символдық хрематоним. Ал оның қазіргі орыс тіліндегі («вызывать на ковер») баламасы ресми ортадағы (бастық пен қоластындағы қызметкер) қарым-қатынасқа қолданылатыны белгілі.

Диссертацияда аксиологемалық стереотиптердің көркем мәтіндегі, паремиологиялық жүйедегі көріктеу құралдары ретіндегі коннотациясының айшықты коммуникативтік қызметі кеңінен дәйектеліп, сипатталған. Мысалы, орыс тіліндегі «черный посудник», қазақ тіліндегі «қазанның құлағын ұстағандар», «қара өлеңнің күбісін шайқау» т.б.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайлық дәрежесі.

Белгілі бір этностың мәдениетін тану тілдің семантикалық мазмұны мен оның коммуникативтік қызметінен көрініс табатын құндылықтар жиынтығын тану аксиологиялық бағыттағы зерттеулерді талап етеді. Ал ғаламның аксиологиялық бейнесін құраушы базалық бірліктер – құндылықтар. Ал құндылықтардың репрезенттелуінің маңызды нысандары ретінде бағалау және таптаурындар (стереотиптер) танылады. Аксиология – құндылықтардың әлемдік және ұлттық үлгідегі моделін зерттесе, тілде аксиологиялық бейненің вербалдану үдерісінде құндылық және норманы лингвомәдени тұрғыдан зерттеу мәселенің ғылыми негізін белгілеп, шынайылық дәрежесіне дәйек бола алады.

Ғаламның аксиологиялық бейнесінің ұлттық-мәдени кодтық стереотиптерінің үлгісі когнитивтік санада фрейм, ой-сурет, сұлба (схема), символдау, т.б. арқылы қатталады, коммуникативтік қызметі жалғасады. Мысалы, «тұсауы кесілген өрен жүйріктер», «нарядились как на смотрины», т.б.

Аксиологемалық стереотиптерді зерттеу барысындағы әрбір тұжырым мен нәтиженің құндылық ұғымын қалыптастыру соған сәйкес келетін таптаурын негізінде баға берілуі оның шынайылық дәрежесін айқындайды.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа. Аксиология мәселесі философияда жан-жақты қарастырылған, жетілген ілім саласы. Ал, қазақ тіл білімінде стереотиптердің лингвоаксиологиялық тұрғыдан кешенді бағытқа сәйкес өрісі кеңеюде. Сондықтан ұлт санасында құндылықтардың таңбалануы, қатталу үдерісін зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін белгілеу аса маңызды.

Екінші ғылыми нәтиже – ішінара жаңа. Қазақ дүниесінің «ғаламдық тілдік бейнесінің» танымдық, лингвомәдени, әлеуметтік, прагмалингвистикалық, т.б. мазмұнына қатысты зерттеулерде бұл мәселеге де назар аударылып, таным көзі ретінде аталған. Бірақ «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымы *қазақ-орыс-ағылшын тіл деректері бойынша салғастырмалы бағытта кешенді түрде, кең көлемде дәйектелуі – бұл жұмыстың жаңалығы.*

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа. Лингвомәдениеттануда «материалдық мәдениет лексикасы», «рухани мәдениет лексикасы» деп қолданылатын этностың заттық және рухани мәдениет көріністерін лингвоаксиологиялық бейне тұрғысынан бағаланатын хрематонимдер (материалдық) және скриптонимдер (рухани) ұлттық-мәдени код ретінде танылған. Олардың этноконнотациясын ашу арқылы тұрақты тілдік таңбаларда бекіген ұлттық-мәдени стереотиптер анықталған.

Төртінші ғылыми нәтиже – жаңа. Шетелдік тіл білімінде анықталған аксиологемалық стереотиптердің топтастырылуы мен жіктелімі жан-жақты сипатталып, олардың қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі көрінісі кеңінен және жан-жақты дәйектелген.

Бесінші ғылыми нәтиже – жаңа. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аксиологемалық стереотиптердің бес құрылымдық қабаты нақты дәйектер арқылы талданып, анықталған.

Алтыншы ғылыми нәтиже – жаңа. Көркем мәтінде, паремиологиялық жүйеде, сөйленімде, көріктеуші құрал қызметінде этноконнотация үдерісі арқылы қалыптасқан әр этностың аксиологемалық стереотиптерінің коммуникативтік сипаты түсіндірілген.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Зерттеу нәтижесінде жасалған ғылыми тұжырымдар лингвоаксиология саласының қалыптасып, дамуына септігін тигізеді. Сондай-ақ когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, прагмалингвистика, мәтін лингвистикаға қатысты нәтижелері, диссертацияның теориялық мәнін өзіндік үлес деп бағалауға болады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелердің практикалық құндылығын оларды салғастырмалы лингвоаксиология, лингвомәдениеттануды дамытуда, тіл үйрету жүйесінде қолданудан көруге болады. Хремотонимдер мен скриптотонимдердің құрылымдық қабатын талдау үлгілерін лексикографиялық тәжірибеде пайдалануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертацияның мазмұнын толық танытатын 10 мақала жарияланған. Атап айтқанда, 1 мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 4 мақала ҚР БҒМ саласындағы Бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, оның ішінде: 3 мақала шетелдік конференциялардың, 1 мақала отандық конференция материалдары жинағында, 1 мақала шетелдік басылымда жарияланған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

1. Диссертацияның зерттеу нысанының ғылыми-әдістанымдық негізін белгілейтін ғылыми еңбектер мен пікірлер жан-жақты сипатталып көрсетілген. Бірақ диссертант көбіне сол пікірлердің зерттеуге қатысын атап көрсетумен шектеледі. Өзіндік тұжырымдарын түйіндеп, жүйелеп беру жағын жетілдіре түссе, зерттеудің нақты нәтижелері айқындала түсер еді.

2. Жалпы жұмыстың тілі жатық, ғылыми стильге сай жазылған. Бірақ қазіргі сөзжасам мен терминжасам үдерісіне сай келмейтін сәтсіз сөзқолданыстар жүйелі түрде кездеседі: вербалданған, репрезенттелген, экспликацияланған, ассоциациялаған, интерпретациялаған т.б.

Бұл ескертулер жұмыстың жалпы мазмұны мен нәтижелеріне еш нұқсан келтірмейді. Жас зерттеушінің болашақта осы зерттеу бойынша еңбектерінде, оқулықтарында жетілдіре түссе деген ұсыныс ретінде қабылдануы тиіс.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Зерттеу барысында қол жеткен ғылыми нәтижелер, жасалған тұжырымдар мен ҚР БҒМ-нің «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сай келеді. Соған сәйкес, Мурзинова Айгуль Сериковнаның «Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)» тақырыбында жазылған диссертациясын «6D020500 – филология» мамандығы бойынша аяқталған зерттеу жұмысы, ал оның авторы Мурзинова Айгуль Сериковнаны «6D020500 – филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толық лайық деп санаймыз.

Ресми рецензент:

А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

